

Республика Казахстан, 110300, г. Аркалык, ул. Ауельбекова 17, тел.: 87016114582, e-mail: b_tatuana@mail.ru.

Хан Наталья Николаевна – доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, Достык 13, тел.: 87016010202, e-mail: professor_khan@mail.ru.

Шалгимбеков Айбек Батырханович – кандидат исторических наук, и. о. ассоциированного профессора кафедры истории Казахстана, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан, Костанайская область, 111100, г. Тобыл, ул. Дорожная, 57, тел.: 87058755480, e-mail: salykovaks@mail.ru.

Аспанова Гульмира Рамазановна* – PhD докторы, педагогика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 140002, Павлодар қ., Олжабай батыр көш. 608, тел.: 87073868770, e-mail: gulmiraramazanovna@bk.ru.

Каратаева Татьяна Олеговна – «Педагогика және психология» ББ PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а., «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 110300, Аркалық қ., Әуелбеков көш. 17, тел.: 87016114582, e-mail: b_tatuana@mail.ru.

Хан Наталья Николаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық көш. 13, тел.: 87016010202, e-mail: professor_khan@mail.ru.

Шалгимбеков Айбек Батырханович – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасы қауымдастырылған м.а. профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, 111100, Тобыл қ., Дорожная көш. 57, тел. 87058755480, e-mail: salykovaks@mail.ru.

Aspanova Gulmira Ramazanovna* – PhD, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 140002, Pavlodar, 608 Olzhabay batyr Str., tel.: 87073868770, e-mail: gulmiraramazanovna@bk.ru.

Karatayeva Tatyana Olegovna – PhD, acting Associate Professor, “Pedagogy and Psychology” educational program, I. Altynsarin Arkalyk Pedagogical Institute NJSC, Republic of Kazakhstan, 110300, Arkalyk, 17 Auelbekov Str., tel.: 87016114582, e-mail: b_tatuana@mail.ru.

Khan Natalya Nikolayevna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, Dostyk 13, tel.: 87016010202, e-mail: professor_khan@mail.ru.

Shalgimbekov Aibek Batyrkhanovich – Candidate of Historical Sciences, acting Associate Professor of the Department of history of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University NLC, Republic of Kazakhstan, Kostanay region, 111100, Tобыl, 57 Dorozhnaya Str., tel.: 87058755480, e-mail: salykovaks@mail.ru.

XFTAP 14.37.29

ӘӨЖ 82-95

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_189

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ КЕЙІПКЕРЛЕРІН УНИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Итегулова С.А.* – Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Оразхан Н.Н. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада батырлар жырындағы кейіпкерлер бейнесін унификациялау, визуалдау мәселелері, олардың маңызы мен алғышарттары қамтылған. Бүгінгі таңда қолда бар өнімдердегі, атап айтқанда кітап иллюстрациялары мен картиналардағы, анимациялар мен ескерткіштердегі бір батырдың бейнесін берудегі әркелкілік және оның сол батырды әйгілендіру, танымал етуге тиізетін кері әсері талданады. Батыр болмысын типтік бейне ретінде сомдаудың, олардың жалқылық сипаттарын аша алмаудың салдары санамалап беріледі. Мақалада «Алпамыс батыр» және «Қобыланды батыр» жырларының негізінде бас қаһарманды визуалдау барысында баса назар аударуға тиісті детальдар нақты тұжырымдармен дәлелденеді. Жырдан батырдың мінез-құлқын, болмыс-бітімін, сыр-сипатын беретін нақты үзінділер келтіре отырып, батырдың келбетінде бо-

луға тиісті штрихтер ашылады. Балалардың көркем шығарманы түсініп қабылдауына иллюстрацияның әсері туралы ой қозғалып, батыр бейнесін ұрпақ жадына сіңірудің тәрбиелік мәні ашылады.

Түйінді сөздер: батырлар жыры, унификациялау, визуалдау, батырлар портреті, бас қаһарман.

ПРЕДПОСЫЛКИ УНИФИКАЦИИ ПЕРСОНАЖЕЙ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА

Итегулова С.А. – Институт развития государственного языка, г. Алматы, Республика Казахстан*

Оразхан Н.Н. – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан.

В статье рассматриваются проблемы унификации героев героического эпоса, проблемы визуализации, их значение и предпосылки.

В настоящее время в имеющихся книжных иллюстрациях и картинах, в анимации и памятниках наблюдается неоднородность в изображении того или иного батыра, что оказывает нежелательное влияние на популяризацию этого героя. Авторами статьи отмечается, что отсутствие единого образа батыра не дает возможность полностью раскрыть их характер.

В настоящей статье на примере произведений «Алпамыс батыр» и «Кобланды батыр» подчеркиваются детали, на которые необходимо обращать внимание в процессе визуализации главного героя. Приводятся отрывки из названных эпосов, в которых указывается поведение, образ жизни, характер батыра, раскрываются штрихи, которые должны присутствовать во внешнем облике героя. В статье отмечается, что иллюстрации влияют на то, как дети воспринимают художественное произведение, раскрывается воспитательное значение усвоения образа батыра в памяти молодого поколения.

Ключевые слова: героический эпос, унификация, визуализация, портрет батыра, главный герой.

PREREQUISITES FOR THE UNIFICATION OF CHARACTERS IN HEROIC EPOS

Itegulova S.A. – Candidate of Philological Sciences, State Language Development Institute, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

Orazkhan N.N. – PhD student, Department of the Kazakh literature and theory of literature, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

The article addresses the challenges of unifying the portrayal of heroes in heroic epos, specifically focusing on issues of visualization, their significance, and the underlying prerequisites.

Currently, in various existing book illustrations, paintings, cartoons, and monuments, there is a noticeable inconsistency in the depiction of certain batyrs (heroes), which negatively affects the promotion and recognition of such heroes. The authors emphasize that the lack of a unified image of a batyr prevents a full representation of their character.

Using the epos "Alpamys Batyr" and "Koblandy Batyr" as examples, the article highlights key details that should be considered during the visualization process of the main character. It provides excerpts from these eposes that describe the behavior, lifestyle, and personality of the batyr, illustrating the nuances that should be reflected in their appearance. The article also notes that illustrations significantly influence how children perceive literary works and explores the educational impact of imprinting the image of the batyr in the minds of the younger generation.

Key words: heroic epos, unification, visualization, portrait of heroes, main character.

1. Кіріспе

Жеке тұлғаны қалыптастыруда оның ғылыми-теориялық ойлау жүйесін жетілдірумен бірге көркем ойлау қабілетін дамытудың да аса маңыздылығын ғылыми орта мойындағалы қашан. Көркем ойлау қабілеті дамыған адам ғана өнер туындысынан эстетикалық нәр алып, өз жасампаздығын таныта алады. Кез келген ғылыми немесе мәдени жаңалық – адам санасының жемісі десек, көркем сананың белсенділігін арттыру сол жемістердің тегеурін-қуатының мықты болуына тікелей себепші болады.

Көркем ойлау, эстетикалық талғам туралы сөз еткенде көркем әдебиетке тоқталмау мүмкін емес. Ал көркем әдебиет өз бастауын халық фольклорынан, ауыз әдебиетінен алатыны рас. Бір өкініштісі соңғы жылдары жас буын ауыз әдебиетінен мүлдем алшақтап, фольклорлық туындылардан шет өсіп келеді. Мұндай ахуалдың бой алуына технократтық себептермен бірге білім берудегі орынды-орынсыз реформалардың, заманауи трендтердің де әсері бар.

Ауыз әдебиеті жанрларының ішінде заман көшімен бірге ілесіп, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызды орын алатын туындылардың бірі – батырлар жыры. Батырлар жырындағы қай кейіпкерді алмайық, жан-жақты сараланған толымды тұлғаны көреміз. Батыр да, оның ата-анасы да, сүйікті жары да, айнымас серігі – тұлпары да, тіпті оның қас дұшпаны да көркем ой елегінен өткізіліп, даралық, жекелік қасиеттерімен суреттеліп, нақты түрде көрсетіледі. Батырдың дене бітіміндегі, болмыс-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, сөйлеу барысындағы дара қасиеттері айқындалады. Батырлар жырындағы кез келген кейіпкерде сол кездегі қоғамдық және тарихи жағдайдың әсерінен туындаған жалпылық мән, сипат болғанымен, олардың жалқылық ерекшеліктері де айқын бедерленеді [1]. Сол себепті де әр батырлар жыры өз кейіпкерлер галереясын, өз сюжеттік желісін, композициялық тұтастығын сақтай отырып, біздің дәуірімізге жетті.

Ғылыми-техникалық төңкеріс адамның тұрмыс тіршілігінде ғана жасалған жоқ, адам санасы мен тұтастай ойлау, қабылдау жүйесіне де әсер етті. Бұрын баспадан жарық көрген кітаптарды дүкен сөрелерінен сатып алып, қолдан-қолға ауыстырып оқитын болсақ, енді олардың орнын электронды кітаптар мен электрондық кітапханалар басты. Электронды өнімдері тарату үшін жаңа сипаттағы жарнамалар жасалатын болды. Сарқылмас асыл қазына – фольклорлық туындыларды замана көшінен қалдырмас үшін жаңаша ұсыну, визуалдау қажеттілігі туындап отыр.

Батырлық жырларды жас буынға ұсынуда жаңаша жолдар табу, оны көріктей отырып жеткізу – уақыт талабы. Осы жерде кейіпкерлерді унификациялау мәселесі алдыңғы орынға шығады. Унификация термині латынның unificatio, unus – «бір», al facio – «жасау, орындау» деген сөзінен шыққан. «Негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін өнімдердің, қызметтердің және процестердің оңтайлы өлшемдері мен түрлерін таңдау» дегенді білдіреді [2].

Унификация терминін ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының 2018 жылғы шешімі бойынша біріздендіру, унификация түрінде қатар қолдану ұсынылғандықтан, жалпыға түсінікті болу үшін біз бұл терминнің қазақша баламасын емес, шеттілдік нұсқасын қолданғанды жөн санап отырмыз [3].

Унификациялау түрлі салаларда қолданылады. Қай салада қолданылмасын, оның негізгі мақсаты – бірдей өнімдердің негізсіз әртүрлілігін болдырмау, олардың құрамдас бөліктері мен бөлшектерінің әркелкілігін жою, оларды жасау, құрастыру, сынау және басқа да әдістердің мейлінше біркелкілігін сақтау.

Енді фольклор кейіпкерлерін, оның ішінде батырлар жырын унификациялау мәселелеріне келейік. Ғылыми айналымда Батырлар жырына «халық тарихындағы елеулі ерлік кезеңдерді, елі мен жерін басқыншы жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлаған эпостық шығарма» [4] деген анықтама беріледі.

Батырлық жырларда оқиға батыр өмірге келмей тұрып басталып, батырдың ата-анасының, сүйген жарының, кейде тіпті батырдың баласының басынан өткерген оқиғалары арқылы тұтас бір дәуір көрінісін қамтиды. Батырдың ерлік істері арқылы сыртқы жауларға қарсы күрес, кей тарихи оқиғалардың елесі белең алса, батырдың ет жақындарының күйініш-сүйініші арқылы ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстар аңғарылады. Батырлар жырында кездейсоқ кейіпкер жоқ. Тіпті батырдың дұшпандарының өзі жырдың көркемдік шешімін арттыра түседі.

Қай батырлық жыр болмасын белгілі бір тарихи дәуірді суреттеп, тарихи оқиғаларды сюжеттік негізге алатынын, батырлардың өмірде болған тарихи тұлғалар екенін ескерсек, батырларды унификациялау мәселесінің өзектілігі арта түседі. Біз пікірімізді көркемдік құндылығы жоғары қос жыр – «Алпамыс батыр» және «Қобыланды батыр» жырларын талдау арқылы дәлелдегенді жөн көрдік.

2 Материалдар мен әдістер

Алдымен осы тақырыпқа қатысты әдебиеттерге шолу жасап өткіміз келеді. Қазақ ауыз әдебиетінде ғана емес, түркі халықтарының әдебиетінде өзіндік орны бар «Алпамыс батыр» жыры туралы В.М.Жирмунский [5] мен ғалым Ә.Қоңыратбайдың тұжырымдары үндесеп, жырдың тарихилық сипатына баса мән береді. «Алпамыс батыр» жырының сюжеті қоңырат тайпасында туған деген пікірдің қисындылығына баса көрсетеді [6]. Қос ғалым да «Алпамыс батыр» жыры мен Гомердің «Одиссея» жыры арасындағы ұқсастықты айта келіп, екеуіндегі шығыстық сарынға тоқталады.

Ғалым М.Ғабдуллин жырдың тарихын қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңге апарса [7, 212], Қ.Жұмалиев пен Т.Ақшолақовтар жырдың тәрбиелік мәніне терең тоқталады. Елін сыртқы жаудан қорғау жолындағы батырдың жан қиярлық ерлігі жас ұрпаққа үлкен өнеге екендігін баса көрсетеді [8].

«Қобыланды батыр» жырына келер болсақ, ғалым О.Нұрмағамбетованың зерттеулерін ерекше атап өткен жөн. Ғалымның эпостың шығу кезеңі, жырдың тарихи маңызы, көркемдік құндылығы туралы тұжырымдарын ғылыми негіздеп, соны серпін беріп, кейінгі зерттеушілерге жол көрсетеді [9]. Алпамыс батырдың өмірде нақты болғаны туралы ғалымдар арасында екіұдай пікір кездескенімен, Қобыланды батырдың тарихи тұлға екендігіне ғылыми ортада шек келтірмейтіндігін де атап өткіміз келеді. Алаш арысы Әлихан Бөкейхан Қобыландыны Тоқтамыс, Едігелердің замандасы десе [10], О.Нұрмағамбетова қыпшақтар мен оғыздардың бір ұлыстың астында болған дәуірде өмір сүргенін айтып, Қараман мен Қобыландының Қазан хандығын бірге шабуын дәлел етеді [9]. Қобыланды батыр-

дың Қыпшақ руынан шыққаны туралы С.Сейфуллиннің мақаласында да айтылады [11]. Ал жырдың басты идеясын Мұхтар Әуезов өзінің «Қобыланды батыр» мақаласында мейлінше ашады [12].

Алпамыс батырдың да, Қобыланды батырдың да бір замандарда өмір сүрген тарихи тұлға екені шүбәсіз. Батыр бабалардың есімін есте сақтау, ерліктерін дәріптеу, ұлттық сананы жаңғырту мақсатында еліміздің әр жерінде оларға ескерткіш те қойылған. 2018 жылы Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласына тұрғызылған монументтік өнер құрылысы «Алпамыс батыр ескерткішінің» жалпы биіктігі – 11 метр. Байшұбар атқа мініп, алдаспан қылышын алға сермеген Алпамыс батырдың мүсіні 600-маркалы шыны төсем мен мәрмәр ұнтағынан жасалған [13].

Алпамыс батырға арналған келесі ескерткіш Шымкент – Ташкент тасжолы бойынан Шымкент қаласында кіреберісте орнатылған. Таза мыстан құйылған арғымақ мінген батыр ескерткішінің биіктігі – 15 метр. Қос қапталында айбат шегіп тұрған қос арыстан бедерленген [14].

Жетісай-Шымкент тас жолы бойында оң жағы – Атакент, сол жағы – Жетісай, ортасында Асық ата кенті бар үш бағытты жолдың түйіскен жерінде Байшұбар атына мінген Алпамыс батырдың жалпы биіктігі 14 метрді құрайтын ескерткіші орналасқан.

Еліміздің бірнеше өңірінде Қобыланды батырға да ескерткіш қойылды. «Қобыланды батыр ескерткіші» монументтік өнер құрылысы 2017 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Ақтөбе – Қобда тас жолының бойында орнатылған екен. Тайбурылына мінген Қобыланды батырдың мыстан құйылған мүсіні темір конструкциядан жасалып, гранит плиталармен қапталған тұғырға қондырылған [15].

Осы ауданның Жиренқопа ауылында Қобыланды батырға 2007 жылы мемориалдық кешен салынған болатын. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Қостанай қаласында, Қызылорда қаласының іргетасы қаланғанына 190 жыл толуына орай Қызылордада Қобыланды батырдың ескерткіші ашылды.

Бұлардан басқа да батырлар мен хандарға арнап қойылған ескерткіштерді еліміздің қай түкпірінен болмасын кездестіруге болады. Сол ескерткіштердің бәрінде батырлар сәйгүлікке мініп, бес қаруын қарманып, ақ найзасын кезеніп, айбарлы жүзін алысқа тігіп тұрады. Бұл, әрине дұрыс-ақ. Тарпаңды ауыздықтаған, дұшпанын тұсаулаған батырларды тұлпарсыз, бес қарусыз сомдау мүмкін де емес. Бізді алаңдататыны осы ескерткіштердің бәрінде жалқылық сипаттың болмауы, бұл ескерткіштерді жұртшылықтың типтік бейне ретінде қабылдауы, қай батыр екенін жыға танымауы.

Зерттеліп отырған тақырыбымыздың өзіндік ерекшелігіне және жұмысымыздың мақсатына сәйкес тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық, талдау, құрылымдық-типологиялық әдістерді пайдаландық.

Зерттеу жұмысының өзекті мәселелерін анықтау мақсатында сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнама қала тұрғындары мен жоғары сынып оқушылары, оқытушылар арасында жүргізілді. Жинақталған нәтижелерді тұжырымдау барысында, сондай-ақ мәліметтерді өңдеуде талдау, салыстыру әдістерін қолдандық.

Біз еліміздің әр өңірінде бой көтерген ескерткіштердің суреттерін алып, астындағы Алпамыс батыр, Қобыланды батыр немесе Қабанбай батыр деген жазуын өшіріп, жұртшылықтың арасында қаншалықты деңгейде танымалдылығын білу мақсатында сауалнама жүргізген едік. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 97 пайызы көрсетілген ескерткіштердің кімге орнатылғанын жыға тани алмады, ал қалған 3 пайызы ішінара таныды.

Сауалнамадан соң респонденттермен сұқбат жүргіздік. Сұқбат барысында респонденттер ескерткіштерде жалқылық сипат жоқ екенін ескертті. Мәселен Бауыржан Момышұлын елтіриден тікелейте тігілген қара бұйра папахасынан танытынын, Әлияны асынған мылтығымен, ал Мәншүкті пулеметымен елестететіндерін айтты. Бұл – батырларға ескерткіш қою барысында ескеретін маңызды дүние.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеуіміздің басты тақырыбына қайта оралар болсақ, батырлар жыры кейіпкерлерін унификациялауда олардың өзіндік ерекшелігін табу, суреттеу және оны жұртшылықтың жадына сіңіру мәселесін жүргізу қажеттілігі айқындала түседі.

Алпамыс батыр да, Қобыланды батыр да танымал етуге, брендке айналдыруға сұранып тұрған кейіпкерлер. Сөз зергерлері – ақын-жыраулар бұл қаһармандардың болмыс-бітімін, мінез-құлқын тайға таңба басқандай етіп сипаттап берген. Батырларды былай қойғанда, олардың астындағы тұлпарлары да бір-біріне ұқсамайды. Байшұбар мен Тайбурылды шатастыру мүмкін емес. Сол сияқты Гүлбаршын мен Құртқа да дара сұлулар. Олардың ешкімге ұқсамайтын келбеті, дара мінездері, тума қасиеттері бар. Бүгінгі таңдағы біздің мақсатымыз осы кейіпкерлердің жырдағы бейнесін қылқаламмен салып, визуалдау. Қиялдағы кейіпкерді қағаздағы кейіпкерге айналдыру, дайын портретті паспорттау, паспортталған дүниені инновациялық технологияларды пайдалана отырып мейлінше насихаттау. Фольклорлық қаһармандардың кез келген өнімде (мейлі ол ескерткіш болсын, мейлі кино, анимациялық фильмдерде кездессін, мұқабаларда орын алсын) бір сипатта берілуі оларды жұртшылықтың жыға тануына септігін тигізеді.

Зерттеу нысанамызға алып отырған қос жырдың да сюжеттік желісі қызықты, кейіпкерлері тартымды. Кезінде ел арасына кең таралып, бірнеше ұрпақтар легі бас қаһармандарға еліктеп өскен

мұраларды жас ұрпақтың оқымауы қынжыларлық іс. Осы ретте жастардың заманауи талғамына сай ұсыныс жасау қажеттігі туындайды. Алпамыс батыр, Қобыланды батыр жырлары негізінде мектепке дейінгі немесе кіші мектеп жасындағы балаларға арнап анимациялық фильмдер шығарылса, жыр кейіпкерлерінен әртүрлі ойыншықтар мен тартымды мүсіндер жасалса, түрлі деңгейдегі компьютерлік ойындар әзірленсе, тіпті киімдерге, балалар өнімдерінің қасбеттеріне жапсырылса бұл қаһармандар бала санасына орныға берер еді. Қаһарманға деген қызығушылық пайда болып, уақыты келгенде түпнұсқа жырды да ешкімнің мәжбүрлеуінсіз оқып шығар еді. Әрине, алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін ең алдымен кейіпкерлерді унификациялау қажеттігі айқын аңғарылады.

Алпамыс және Қобыланды батырлардың бейнесін унификациялауда ең алдымен жыр оқиғаларының қайда және қашан өткеніне мән берген дұрыс. Алпамыс батырға қатысты түркі халықтарында, атап айтқанда өзбекте «Алпамыш», қарақалпақта «Алпамыс», башқұртта «Алпамша мен Баршын-Хылуу», татарда «Алпамша», алтайлықтарда «Алып Манаш» атты ертегі, аңыз-эпсаналар бар. Ал қазақ арасында кең тараған «Алпамыс батыр» жырын ғалымдар патриархалды-рулық қауым ыдырап, патриархалды-феодалдық қауымның күшейе бастаған кезеңімен байланыстырады [16].

Жыр оқиғасы «Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде» өтеді. Мыңғырған малы бар Байбөрі бір перзентке зар болып, кең дүние тар болып, мүсіпір халге түседі. Алпыстағы Аналықты жетелеп, әулие-әнбиелерді аралып, Құдайдан бала тілеп, тентіреп кетеді.

Қобыланды батыр жырының қалыптасу дәуірі туралы зерттеушілердің пікірі әртүрлі. Десек те, ғалымдардың дені «Қобыландының тарихы қыпшақ-оғыз кезеңдерінен бастау алады» дегенге тоқталуда [17]. Қобыланды асқар-асқар белдерге ұласқан Қараспан тауының етегі, Азаулы көлдерінің жағасын мекендеген дешті Қыпшақ елінен шыққан.

Осы жерде қос батырдың портретін беру барысында есте ұстарлық басты мәселелердің бірі айқындалады. Ол – батырлардың киім киісіндегі басты штрихтер. Алпамыс батырда кейінірек қазақ, қарақалпақ халқының құрамына енген қоңырат тайпаларының, ал Қобыланды батырда қыпшақ тайпаларының антропологиялық және этнографиялық белгілері басым болғаны жөн.

Батырлардың сипатын беруде жыршы түрлі тәсілдерді қолданады. Батырдың жауынан күші де, мысы да басым екендігін байқату үшін жырға тән мотивтерді пайдаланады. Мәселен «Алпамыс батыр» жырында қаһарлы батырдың келе жатқанын жаулары түс көру арқылы күні бұрын сезеді.

Ауызына қарасам

Сұлуды таңдап сүйгендей.

Келбетіне қарасам

Қымқапты таңдап кигендей.

Қабағы қалың сол бала,

Тіпті шұнақ қу бала

Шұбар ат мініп келеді [18, 210], – деп Тайшық хан көрген түсінен қатты сасады. Мұнда Алпамыстың келбетті бет-әлпеті, ашуланғандағы қалың қабағы, «қымқапты таңдап киердей» ірі де сом денесі болғаны байқалады. Мұндағы қымқап – алтынды, күмісті араластырып тоқыған қалың жібек мата [19]. Суретші Алпамыс батырдың үстіндегі киімін салғанда осыны қаперіне алып, сомдағаны дұрыс.

Жырда Алпамыстың денесінде өзіне тән айрықша белгісі болады. Жалпы мұндай белгіні ел арасында нышана, нышаналы деп жатады [20]. Диуана кейпе еніп, еліне жасырын келген Алпамыс бабасы Құлтайдан «балаңыздың қандай белгісі бар еді?» – деп сұрайды. Сонда Құлтай:

– Ақша бір жауған қар еді,

Фәріптің көңілі тар еді.

Заманында бар болса,

Рүстемнің пары еді.

Қайсы бірін айтайын,

Жалғызымның белгісі,

Жауырынының үстінде

Дөңгелек қалы бар еді [18, 271] – дейді. Алпамыс батыр бейнесін портреттеуде жырда кездесетін осындай детальдар ескерілгені жөн. Әрине Алпамыстың жауырынының үстіндегі қалын визуалдау барысында көрсету мүмкін қиындық тудырап. Өйткені оның басындағы дулығасын, үстіндегі сауытын, қолындағы қаруын көрсету маңыздырақ болар. Десек те кейіпкерді анимациялау барысында арнайы сюжеттер арқылы оның осы белгісін баса көрсетуге болады.

Алпамыстың бойында батырлығымен бірге аңғалдығы да басым. «Мен де қазақтың қызы едім. Қырық балам бар еді. Сенің жоғыңды жоқтап, ханға қарсы шыққаны үшін қырқы да опат болды. Солардың кегін әпереді деп жолыңды тосып жүрмін» деп жылаған мыстанның сөзіне еріп, оны атына мінгестірмекші болады. Мыстанның жаман ниетін сезіп, оны маңына жолатпай тарпыған тұлпарының басып кесіп тастай жаздайды. Кемпірге әбден иланған Алпамыс, оның отауына түсіп, түніменен тоғыз мес арақ-шарап ішіп, әбден мас болып, көзі ұйқыға кіреді. Батырдың көзін жоймақ болған кемпір оны суға салса, батпайды. Отқа салса, күймейді. Ақыры кемпір оны алдын ала қазылған зынданға салады.

Жеті жыл зынданда жатып, енді қайтіп алдауға түспестей кемелденген Алпамыс қапастан шығар жол іздейді. Кейқуатты өз жағына тартып, оның серкелерін жеп тауысады. Серкенің сүйегінен ғажайып сырнай жасап, оны Қаракөзайымға бергізеді. Осы жерде Алпамыстың алып күштің ғана емес, асқар өнердің иесі екенін байқаймыз.

Алпамыс батырдың бойында айлакерлік, қысылғанда жол табарлық ұтқырлық та бар. Өзін зынданнан Байшұбар ат қана шығара алатынын біліп, Қаракөзайымға оны босатудың жолын айтады. Байшұбар қамалған темір үйдің жанына диуана болып баруды, Тайшық ханды «Қырық күндік тамағымды бер, қырық құлаш арқан бер, сонан кейін үйретіп беремін», – деп алдап, тұлпарды оңашаға алып шығуды үйретеді [18].

Алпамыстың тағы бір ерекшелігі – оның мейірімділігі. Ол да ел-жұртын сағынады. Құлтай бабасы мен ата-анасының алдында ерке перзентке айналады. Бауыры Қарлығашқа аға болып өміренеді. Ал құл боп жүрген ұлы Жәдігерді көргенде қатты қиналады.

Бойында әкелік мейірімі мол Алпамыс жүдеу баласын көргенде, тіпті, естен танып қалады. Осы жерде суретшілер үшін ескеретін тағы бір маңызды деталь бар. Ол – Алпамыс пен Жәдігердің арасындағы ұқсастық. Өзі жауға аттанғанда өмірге келген жалғыз ұлы Жәдігерді Алпамыс бірден таниды. Жырдағы алып дарақтың тамыры – Құлтай баба, дарақтың діңі – Байбөрі, бұтағы – Алпамыс, ал жапырағы – Жәдігер. Демек бұл төрт ұрпақ бірін-бірі толықтырып тұруы тиіс. Олардың арасындағы өзара ұқсастық мен мұндалап тұрғаны жөн-ақ.

Суретші Құлтай бейнесін сомдау барысында оның Ұлтанға қарсы тұрарлықтай қауқары болмағанымен кей жас жігіттерден қарулы екенін есепке алуы керек деп ойлаймыз. Қойдың соңында жаяу жүрген Құлтай диуана кейіпте келген Алпамысты да бірден таниды. Алпамысты көргенде қуанғаннан қуаты тасиды. Ұлтан құл беріп жатқан көкпарға қатысқысы келіп, делебесі қозады. Құлтайдың көкпарға қатысуын оның Ұлтанға көрсеткен сесі деп түсінген жөн. Алпамыстан Шұбар атты сұрап мінген Құлтай көкпарға тартылған құнан атанды көп қарулы жігіттердің додасынан жұлып әкетеді. Құлтай бейнесін беру барысында суретшілер осы мәселені де ескергені дұрыс. Құлтай – қалжыраған қария емес, атбегілік қасиеті бар, малмен өріп, даланы жайлаған, бойынан әлі де қуаты сарқыла қоймаған, жасы жүзге жуықтаған қарт ретінде берілуі керек.

Ал Байбөрі – Қоңырат елінің атақты байы, намысқойлығы мен алған беттен қайтпайтын бірбет-кейлігі және бар. Жолбарыстың жүрегіне жерік болған бәйбішесінің жерігін өз қолымен қандырмақшы болып, аңға аттануы арқылы оның бойындағы аңшылық, мергендік қасиеті көрінеді. Алпамыстың басындағы шытырман оқиғаларға Байбөрінің қырсық мінезінің әсері жоқ емес. Жырдың кей нұсқаларында Гүлбаршынның әкесі Сарыбайдың қалың қалмақ арасына көшуін Байбөрінің өркөкіректігімен байланыстырады. Көкпарға таласқан Байбөрі ақыреттік құда боламыз деп сөз байласқан Сарыбайдың басын қамшымен жарады. Соған ашуланған Сарыбай ел ауып, көшіп кетеді. Ал Гүлбаршынды алып, алыс сапардан аман келген ұлын қуана қарсы алудың орнына Байбөрі Алпамысты көргенде бар қаһарына мінеді. Ата дұшпанында кегі кеткенін ашулана жеткізеді. Жалпы осы эпизодтан «мал ашуын – жан ашуына» балаған көшпелі елдің танымы мен мұндалайды. Намысқой қарттың баласын жауға жұмсауы жырдың кей нұсқаларында:

Тайшық алған жылқының
Артынан қуып бар, – деді,
Тайшықтан кекті ал, – деді.
Ала алмасаң көгіңді,

Пенде боп сонда қал, – деді» түрінде беріледі. Байбөрі бейнесін беруде суретші оның осы қатал мінезін, қайшылықты тұстарын дөп баса білуі керек деген ойдамыз.

Ал Алпамыс батырдың жалғыз ұлы Жәдігер – мойнына шынжыр тағып, екі қолын байлап, қозыға салса да жасымаған жеті жасар жеткіншек. Жәдігердің жігері жасымағаны алдынан шыққан Ұлтанға қолындағы көкпарын бермеуінен көрінеді. Өзін көкпарға тартпақшы болған Ұлтан құлға да жалынбай, басына сауға да сұрамай, қасқайып қарсы тұрады. Тіпті кейінірек, Алпамысты көріп, жалт етіп қашқан Ұлтанды артынан келіп, найзаменен шаншиды. «Әке, маған бер!» деп сұрап алып, тышқан алған мысықтай, тамашасын көреді. Домалатып ойнап, үйге әкеліп, ағашқа байлайды. Сөйтіп, Жәдігер Алпамысқа лайық перзент екенін танытады.

Байқап қараған адам осы төрт кейіпкердің бойындағы ортақ қасиетті – қайсарлықты айқын аңғарады. Олардың визуалданған бейнесінен де осы ұқсастық айқын көрініп тұруы керек.

Жалпы, кейіпкерді визуалдауда біз «Оның бойында қандай сипаттар бар? Атқаратын міндеті не? Оның мінезі, болмысы қандай? Киген киімі мен айналысатын кәсібі қандай болған?» деген сұрақтарға жауап іздедік. Өйткені бұл сұрақтардың жауабы біз таңдап отырған батырлардың дәл бітімін анықтауға мүмкіндік береді.

Қобыландыға келсек, жырда оның жастайынан жылқы бағып, сайын далада аңшылық пен мергеншілік өнерді меңгергені баса көрсетіледі. Оның бұл өнері Көктім Аймақ ханы тіккен жамбыны атып түсірген сәтінде қажетіне жарайды. «Қазақтың ері келді» деп, айбатынан сестеніп, кезек берген батырлардың сынынан сүрінбей өткен Қобыландының абыройы артады.

Жырда батырдың ерлігін әсірелеп көрсету бар, алайда жауларын ақыл-амалымен жеңетін кездері де мол. Осындай сәттерге төсекте жатып, «бір аяғыммен күрес!» деп менменсіген Қызыл ерді босағада ілулі тұрған алпыс құлаш ала арқанмен дүрілдетіп сүйреуі жатады. Осы жолы Қобыландының жеңісіне тапқырлығы тікелей себепші болады. Оны жырша да:

«Қызыл ерді сүйретті,
Сүйреткі қылып үйретті.
Ішінде шеңгел тікенге
Өкпе-бауырын түйретті.
Тақымға салып сүйретіп,
Қабырғасын күйретті.
Менсінбеген дұшпанды

Ақыл тауып үйретті [21]» – деп ерекше атап өтеді. Алпамыс батырға тән аңғалдық, долы ашу Қобыландыда да бар. Ол Қараманның шымшыма сөзіне шамданып, ашуға булығып, Құртқаны шауып тастамақшы болады. Кейін батырдың өзі сол ісіне өкінеді. Қобыланды – сұсты батыр. Жырда Қобыландының кесек бітімі, нар тұлғасы қалай анық суреттелсе, сұсты жүзі де солай дәл, нанымды етіп сомдалады.

«Қатуланып, қаттанып,
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Қабағынан қар жауып,

Кірпігінен мұз тоңып [21]» – ұмтылған батырдың бетіне ешкім қарсы келе алмайды. Алпамыс батырдың келе жатқанын Тайшық хан түсінде көрсе, Қобыланды батырдың жақындап қалғанын Алшағыр ханның сиқыршы шешесі кітап ашып, бал салып біледі. Ол:

Қастары төмен салынған,
Қобаған мұрын, қой көзді,
Талма бетті, нұр жүзді

Біріне Қобылан ұқсайды [21], – деп баласына ескертеді. Қобыландының портретін салуда бұл үзіндінің берері көп болар деген ойдамыз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде қобаған сөзін дөңес, қоңқиған деген мағынаны білдіретін сын есім деп көрсетеді. «Қой көзді» деп көбіне көзінің түсі қоңыр түстес адамды сипаттаған. Ал «нұр жүзді» деген тіркес оның сүйкімділігін, ішіндегі тектілікті, сондай-ақ ақсары түсті батыр болғанын аңғартады. Демек, Қобыландыны портреттеуде қоңқиған мұрны бар, қой көзді, ақ-сары түсті, батыр тұлғалы ерді берсе, суретші визуалдау барысында сөзбен портреттеуден (словесный портрет) алшақ кетпес еді.

Қобыланды батырдың бейнесін анықтауда оның асынған қару-жарағы мен көтерген туын да сөз ету орынды. Жырдың бірнеше жерінде батырдың семсері мен найзасының түсі суреттеледі:

Жау көрінген шағында
Қобыланды тұрды қуанып,
Белге буған ақ семсер
Сары ала туды қолға алды,
Көк найзасы жалтылдап,
Әскерді көріп долданды.

Немесе:

Ақ семсер беліндегі суырып ап,
Таймады, қарсыласып жауға шапты [21]

Бұл үзіндідегі көк найза, ақ семсер, сары ала ту батыр портретін берудегі өзіндік детальдар, ажырамас бөлшектері болғаны жөн.

Жалпы Қобыланды батыр бейнесін сөз өткенде батырды тек айбатты, еш өзгермейтін қатулы жан етіп көрсету жеткіліксіз. Батыр бейнесі жырда ситуацияларға қарай өзгеріп отырады. Батыр да адам баласы болған соң оның бойында мейірімділік, ізгілік, досқа адал тектілік бар. Елін сағынып қамыққан кездері, Қараманмен бірге жорыққа кетерде Тоқтарбай мен Аналықтың қасына жатып, атананың мейіріміне бөленуі, Көбіктіні жеңгендегі қуанышы, Құртқаның еліне барудағы іңкәрлік сезімі, арман, тілегі, үлкендерден бата алуы батырдың адамға тән болмысын анық сипаттайды.

Қазақ батырларының бір-бірінен айырмашылықтары, олардың өз киім-киісі, дене тұрпаты, бет пішімі жыр нұсқаларында жан-жақты сомдалғанымен визуалдау барысында ескерілмей қалады. Осыдан келіп бір ғана батырдың кескіні картинада басқаша, анимациялық фильмде басқаша болып, ескерткіштер ел арасында танылмай жатады. Өлі күнге Алпамыс батыр – мынау, Қобыланды батыр – мынау, ал мынау – Ер Тарғын деп деп басып айта алмай келеміз. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлы 1915 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты әдеби сынында: «Кітап бетіндегі суретте Қобылекең бір нашар бақалшы болып салынған. Қазақта мақал бар: «ат ерінді, ер мұрынды» деген. Суреттегі Қобыланды батыр мұрнынан айрылып пұштиып тұр. Орыстың үш батырын салған Васнецов шебердің картинасы бар. 5 тиынға сатылады. Осы батырлардың сүгреттеріне қарасақ, Қобыланды батырға мінгізген боз айғыр Добрина Никитиштікі, Қобыланды батыр өзі Әлеше

Поповиш, күн салып қарауы Илие Муромес көрінеді. Бұл менің жоруым рас болса, «Қобыландыны» басқан басқарма адасқан. Бұл – ұят. Мұны мәдени жұрттарда ұрлық дейді. Кітапты қайта басқанда Қобыланды батырдың өзінің сүгретін де, атының сүгретін де жырдағы жазуға дәл қылып басу керек. Тайбурылды тяжеловоз айғырға айырбастағанға қазақ көзі ұялады [10, 126], – деп кемшілігін айтып, шешімін де көрсеткен болатын. Бір өкініштісі, содан бері ғасырдан астам уақыт өтсе де Қобыланды батырдың ел тұрғындары жаппай танитын бір бейнесін қалыптастыра алмай отырмыз.

5 Қорытынды

Оқып отырған мәтіннің түрлі-түсті иллюстрациялармен берілген жағдайда қабылдауға жеңіл болатыны дәлелденгелі қашан. Сол себепті де мектепке дейінгі немесе кіші мектеп жасындағы балаларға ұсынылатын кітаптарда суреттер көп болады. Иллюстрацияланатын бейненің тез жатталатын болуы, персонаждардың жүзіндегі эмоцияның айқындығы, түстерінің қанық болуы, қимыл-әрекеті арқылы мінезінің байқалуы, иллюстрациялардың қисындылығы бүлдіршінің кітапты жақсы көруіне немесе жақсы көрмеуіне әсер етеді. Бүлдіршіндер ұнатқан кітабын сан рет қайталап «оқып», есейген шағында да есіне түсіріп отырады. Кітаптан алған әсері оның дүниетанымын қалыптастырып, жақсылық пен жамандық туралы түсінігіне негіз болады. Бала жадында сәби күнінен қатталып, оның идеалына айналған кейіпкерлердің төл батырларымыз болуының маңызы зор. Ерлік рухты паш ететін жырлар мен бойында халық ұғымына қайшы келетін нәрсенің бір мысқалы кездеспейтін батырлар нағыз үлгі боларлық кейіпкерлер емес пе?! Олай болса, хас батырды пір тұтып, оған еліктеп өскен бала келешекте ел мүддесін биік қояры анық. Қобыландының алғырлығын, Алпамыстың батырлығын, олардың қаһармандық күрестерін, табандылығы мен төзімділігін, ел-жұртына деген махаббатын есте сақтап, жырмен тұшыну үшін де кейіпкерлердің визуалды бейнесін көріп өсуі керек.

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19678024).

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Ахметов З. Көркем бейне** // Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. – 384 б.
- 2 **А. И. Якушев, Л. Н. Воронцов, Н. М. Федотов. Өзара алмастыру, стандарттау және техникалық өлшемдер.** 6-шы басылым., өңделді және толықтырылды – Мәскеу: «Машина жасау», 1986. – 352 б.
- 3 **Бекітілген терминдер жинағы.** Т. 2. / Құраст.: С.Исақова, С.Сапина. – Нұрсұлтан, 2020. – 688 б.
- 4 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. Т. 6. / Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 5 **Жирмунский В.М. Түркі бастырлар эпосы.** Ленинград: «Наука», 1974. – 218 б.
- 6 **Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы.** Т.1 /Құраст.: Т.Қоңыратбай. – Алматы: «МерСал», 2004. – 554 б.
- 7 **Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті».** Оқу құралы. Алматы: «Рауан», 2013. – 456 б.
- 8 **Қ.Жұмалиев, Т.Ақшолақов. Қазақ әдебиеті.** 9-сыныпқа арналған оқу құралы. Алматы: «Рауан» 1994. – 190 б.
- 9 **Нұрмағамбетова О. «Қазақтың қаһармандық эпосы» «Қобыланды батыр»** Алматы: «Дешті Қыпшақ», 2003. – 480 б.
- 10 **Бөкейхан Ә. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы** Т. 6. / Құраст.: Ж.Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – 520 б.
- 11 **Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы.** Т. 6. / Құраст.: Т. Көкішұлы, К. С. Ахмет. – Алматы: «Қазығұрт», 2006. – 392 б.
- 12 **Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы.** Т 15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1984. – 328 б.
- 13 **Алпамыс батыр ескерткіші.** – [Электрондық ресурсы]. – URL: <https://aktobenasledie.kz/kk/alpamys-batyr-eskertkishi/>
- 14 **Алпамыс батыр.** – [Электрондық ресурсы]. – URL: <https://alpamysbatr.wixsite.com/batr/>
- 15 **Қобыланды батыр ескерткіші.** – [Электрондық ресурсы]. – URL: <https://aktobenasledie.kz/kk/qobylandy-batyr-eskertkishi/>
- 16 **Ғабдуллин М., Сыдықов Т. «Қазақ халқының батырлық жыры».** – Алматы, «Ғылым», 1972. – 358 б.
- 17 **Дәрібаев С. «Қобыландының тарихы қыпшақ-оғыз кезеңдерінен бастау алады»** / Аңыз адам. №19 (127) Қазан 2015 ж.
- 18 **Бабалар сөзі.** Жүз томдық. Т. 34: Батырлар жыры / Құраст.: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Тастанов. – Астана: «Фолиант», 2006. – 384 б.

- 19 **Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі.** – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 368 б.
- 20 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. Т. 11. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс», 2011. – 752 б.
- 21 **Бабалар сөзі.** Жүз томдық. Т. 36: Батырлар жыры / Құраст.: С.Қосан, Ж.Салтақова, Ж.Әкімова Астана: «Фолиант», 2006. – 480 б.
- 22 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. Т. 9. / Құраст.: Ә.Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы: «Арыс», 2011. – 744 б.
- 23 **Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы.** Т. 1.: Эпос – ел қазынасы. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 б.
- 24 **Жұмалиев Қ. Көп томдық.** Т. 1.: «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері». – Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1958. – 402 б.
- 25 **Қасқабасов С.А. Ел зерде.** – Алматы: «Ғылым», 2008. – 501 б.
- 26 **Қоңыратбай Т.Ә. «Эпос және этнос».** Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Монография. Алматы: «Ғылым», 2000. – 268 б.
- 27 **Мелетинский Е.М. «Эдда» және эпостың ерте формалары.** – Мәскеу: «Наука», 1968. – 364 б.
- 28 **Сейдимбеков А. Алпамыс батыр: қазақ батырлар жыры.** – Алматы: «Фолиант», 2019. – 176 б.
- 29 **Ыбыраев Ш. «Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы».** – Алматы: «Ғылым», 1993. – 296 б.

REFERENCES:

- 1 **Ahmetov Z. Korkem beine. Adebiettanu terminderinin sozdigi** [Artistic video. Dictionary of literary terms]. Almaty, Ana tili baspasy, 1998, 384 p. (In Kazakh).
- 2 **Yakushev A.I., Vorontsov L.N., Fedotov N.M. Vzaimozamenyaemost', standartizaciya i tehicheskie izmereniya** [Interchangeability, standardization and technical measurements]. Moscow, Mashinostroenie, 1986, 352 p. (In Russian).
- 3 **Isakova S., Sapina S. Bekitilgen terminder zhinagy** [Set of approved terms]. Nursultan, vol. II, 2020. (In Kazakh).
- 4 **Koniratbaeva Zh., Kaliev G., Esenova K. Kazak adebi tilinin sozdigi** [Dictionary of Kazakh literary language]. On bes tomdyq, Almaty, 2011, vol. 6, 752 p. (In Kazakh).
- 5 **Zhirmunskii V.M. E'pos o tyurkskih vozhdyah** [Epic of the Turkic Chieftains]. Nauka, 1974, 218 p. (In Russian).
- 6 **Koniratbaev Mnogotomny'j sbornik sochinenij. T1** [Multi-volume collection of papers. Volume 1]. Almaty, MerSal, 2004, 554 p. (In Russian).
- 7 **Gabdullin M. Kazahskaya narodnaya ustnaya literatura** [Kazakh folk oral literature]. Almaty, Rauan, 2013, 456 p. (In Russian).
- 8 **Zhumaliev K., Aksholakov T. Kazahskaya literatura. Uchebnik dlya 9 klassa** [Kazakh Literature. Textbook for 9th grade]. Almaty, Rauan, 1994, 190 p. (In Russian).
- 9 **Nurmagambetova O. Kazaktyn kaharmandyk eposy. Kobylandy batyr** [Kazakh heroic epos. Kobylandy batyr]. Almaty, Deshti Kypshak, 2003, 480 p. (In Kazakh)
- 10 **Bokeikhan A. Shygarmalarynyn 9 tomdyk tolyk zhinagy** [Complete collection of papers in 9 volumes]. Astana, Saryarka, 2013, 520 p. (In Kazakh).
- 11 **Seifullin S Mnogotomny'j sbornik sochinenij. T.6** [Multi-volume collection of papers. Volume 6]. Almaty, Kazygurt, 2006, 392 p. (In Russian).
- 12 **Auevov M. Sobranie sochinenij v dvadcati tomah. T.15** [Collection of papers in twenty volumes. Volume 15]. Almaty, Zhazushy, 1984, 328 p. (In Russian).
- 13 **Alpamys batyr eskertkishi** [Alpamys batyr monument]. Available at: <https://aktobenasledie.kz/kk/alpamys-batyr-eskertkishi/> (In Kazakh).
- 14 **Alpamys batyr** [Alpamys batyr]. Available at: <https://alpamysbatr.wixsite.com/batr/> (In Kazakh).
- 15 **Kobylandy batyr eskertkishi** [Kobylandy batyr monument.]. Available at: <https://aktobenasledie.kz/kk/qobylandy-batyr-eskertkishi/> (In Kazakh).
- 16 **Gabdullin M., Sydykov T. Kazak halkynyn batyrlyk zhyry** [Heroic song of the Kazakh people]. Almaty, Gylym, 1972, 358 p. (In Kazakh).
- 17 **Daribaev S. Kobylandyryn tarihy kypshak-ogyz kezenderinen bastau alady. Anyz adam** [The history of Kobylandy begins with the Kipchak-Oguz periods. Legendary man]. Kazan, 2015, no.19 (127). (In Kazakh).
- 18 **Babalar sozi. Zhuz tomdyk. T. 34** [Words of grandfathers. 100 volumes. Volume 34], Astana, Foliant, 2006, 384 p. (In Kazakh).

- 19 **Kazak dasturli madenietinin enciklopediyalyk sozdigi** [Encyclopedic dictionary of Kazakh traditional culture]. Almaty, Sozdik-Slovar, 1997, 384 p. (In Kazakh).
- 20 **Mankeeva Zh., Bizakov, S., Zhunisbek A. et al. Kazak adebi tilinin sozdigi** [Dictionary of the Kazakh literary language]. Almaty, 2011, 752 p. (In Kazakh).
- 21 **Babalar sozi. Zhuz tomdyk.** Т.36. Batyrlar zhyry [Words of grandfathers. 100 volumes. Volume 36. Heroic songs]. Astana, Foliant, 2006, 480 p. (In Kazakh).
- 22 **Slovar' kazahskogo literaturnogo yazyka. Pyatnadcat' tomov** [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Almaty, Arys, 2011, 744 p. (In Russian).
- 23 **Berdibaj R. Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. Epos – el kazynasy** [Collection of works in five volumes. Epos is a national treasure]. Almaty, Kazygurt, 2005, 464 p. (In Kazakh).
- 24 **Zhumaliev K. Kazak epos men adebiet tarihyrynyn maseleleri** [Issues of Kazakh epos and literary history]. Almaty, Kazaktyrn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1958, 402 p. (In Kazakh).
- 25 **Kaskabasov S.A. El zerde** [Smart country]. Almaty, Gylym, 2008, 501 p. (In Kazakh).
- 26 **Konyratbaj T.A. Epos zhane etnos. Kazak eposy zhane onyn etnikalyk sipaty** [Epos and Ethnos. Kazakh epos and its ethnic character]. Monografiya, Almaty, Gylym, 2000, 268 p. (In Kazakh).
- 27 **Meletinskij E.M. E'dda i rannie formy' e'posa** ["Edda" and early forms of epos]. Moscow, Nauka, 1968, 364 p. (In Russian).
- 28 **Sejdimbekov A. Alpamy's batyr'r: kazahskij geroicheskij e'pos** [Alpamys Batyr: Kazakh heroic epos]. Almaty, Foliant, 2019, 176 p. (In Russian).
- 29 **Ibiraev Sh. Epos alemi. Kazaktyrn batyrylyk zhyrlaryrynyn poetikasy** [Epic world. Poetics of Kazakh heroic songs]. Almaty, Gylym, 1993, 296 p. (In Kazakh).

Авторлар туралы мәліметтер:

Итеғұлова Сая Ағанасқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Қазақстан Республикасы 050000 Алматы қ., e-mail: Itegul-saya@mail.ru.*

Оразхан Назерке Нурболатқызы – қазақ тілі және әдебиет теориясы кафедрасының докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru.

Итегулова Сая Ағанасовна – кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка, Республика Казахстан 050000, г.Алматы, e-mail: Itegul-saya@mail.ru.*

Оразхан Назерке Нұрболатқызы – докторант кафедры теории языка и литературы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан 050000, г. Алматы, e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru.

Itegulova Saya Aganassovna – Candidate of Philological Sciences, State Language Development Institute, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: Itegul-saya@mail.ru.*

Orazkhan Nazerke Nurbotakyzy – PhD student, Department of Kazakh literature and theory of literature, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru.

FTAMP 14.35.09: 16.21.29

ӨОЖ 378.147:81

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_198

ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ЕУРОПАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қайпбаева А. – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасы профессорының м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Нурсеитова А.А. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Ақдаулетова Ж.А. – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Тасмағамбетова З.Ж. – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.